

**Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалану құқығына сериясы МГ N 996 (мұнай) лицензияның қолданылуын тоқтата тұру мерзімін ұзарту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 12 желтоқсан N 1828а. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001.04.20. N 530 қаулысымен. ~P010530

Қазақстан Республикасы Президентінің "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Заң күші бар Жарлығының U962828\_38-бабы 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі 1997 жылғы 25 маусымда " Ақтөбемұнайгаз" акционерлік қоғамына осы кен орны бойынша 1999 жыл үшін инвестициялық міндеттемелердің орындалмауына байланысты Ақтөбе облысы Темір ауданының аймағындағы XXII - 22-А (ішінара), В (ішінара), Е (ішінара) блоктар шегінде орналасқан Кеңқияқ (тұз астындағы) кен орнындағы көмірсутекті шикізатты өндіруге арналған жер қойнауын пайдалану құқығына берген сериясы МГ N 996 (мұнай) лицензияның P001721\_ қолданылуын тоқтата тұру мерзімі ұзартылсын.

2. 1997 жылғы 25 маусымдағы сериясы МГ N 996 (мұнай) лицензияның

8.6-тармағында белгіленген тәртіппен лицензияның қолданылуын тоқтата тұруды туындатқан себептерді жою үшін бес айлық мерзім белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі агенттігі сериясы МГ N 996 (мұнай) лицензияның қолданылуын тоқтата тұру туралы "СНПС-Ақтөбемұнайгаз" ашық үлгідегі акционерлік қоғамын хабардар етсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК